



БҰЙРЫҚ

2019 ж 4 қауан

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *370-ор*

город Нур-Султан

**Стандарттаудың кейбір
мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу» қағидасының 25, 26, 40, 41 - тармақтарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссиясының 2019 жылғы 24 қыркүйектегі № 14 хаттамасы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының мынадай ұлттық стандарттары:
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Жұмыс орнын ұйымдастыру»;
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Жұмысты стандарттау»;
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Біріктірілген сапа менеджменті жүйесі мен үнемді өндіріс бойынша жетекшілік»;
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Персоналды даярлау жүйесі бойынша жетекшілік»;
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Құндылық құру легі»;
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Менеджмент жүйесіне қойылатын талаптар»;
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Менеджмент жүйелерін сертификаттау процесі. Бағалау процедурасы»;
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Аудит. Менеджмент жүйесін бағалау мәселелері»;
ҚР СТ «Үнемді өндіріс. Негізгі әдістер мен аспаптар»;
ҚР СТ «Ашалы автотиегіштер. Ілгекті шанышқылы қармауыштар. Сөздік»;
ҚР СТ «Жеткізу тізбектерінің қауіпсіздік менеджменті жүйелері. ISO 28000 енгізу бойынша жетекші нұсқаулар. 3-бөлім. Орта және шағын кәсіпкерлік субъектілері (теңіз порттарынан басқа) үшін ISO 28000 енгізу бойынша нұсқаулық»;

ҚР СТ «Жеткізу тізбектерінің қауіпсіздік менеджменті жүйелері. ISO 28000 енгізу бойынша жетекші нұсқаулар. 4-бөлім. ISO 28001 сәйкесу мақсатында ISO 28000 енгізу бойынша нұсқаулық»[^]

ҚР СТ «Ғимаратты жылытуға және суытуға арналған электрлі компрессорлары бар ауа баптағыштар, сұйықтықты салқындатқыш агрегаттар және жылу сорғылары 3-бөлім. Сынау әдістері»;

ҚР СТ «Жобаны және бағдарламаны басқару кезінде игерілген көлемді басқару»;

ҚР СТ «Жобалар мен бағдарламалар менеджменті үшін жұмыстарды бөлу құрылымы»;

ҚР СТ «Ғарыш өнімінің кепілдігі. Таза үй-жайлар микробиологиялық бақылауы»;

ҚР СТ «Ғарыш өнімінің кепілдігі. Ғарыш бұйымдарына арналған бояулар мен жабындар. Қолданылуы»;

ҚР СТ «Ғарыш өнімінің кепілдігі. Коррозиялық шытынау. Материалдар»;

ҚР СТ «Ғарыш өнімінің кепілдігі. Жазғы жабдықтар мен таза ғимараттарға микробиологиялық сараптама жүргізу»;

ҚР СТ «Ғарыштық инжинирингі. Ғарыш сегментінің функционалдылығы»;

ҚР СТ «Ғарыштық инжинирингі. Ғарыш өнімінің интерфейсінің менеджменті»;

ҚР СТ «Ғарыштық инжинирингі. Ғарыш аппараттарын жайғастыру және орбиталық жүйені бақылау. Талаптар»;

ҚР СТ «Ғарыш жүйелері. Кіші ғарыш аппараттары. Жобаны аттестаттау және қабылдау сынақтары»;

ҚР СТ «Ғарыш жүйелері. Кіші ғарыш аппараттары. Талаптар»;

ҚР СТ «Ғарыш жүйелері. Ұшқышы жоқ ғарыш аппараттарының бұзылуының алдын алу»;

ҚР СТ «Ғарыш жүйелері. Ұшқышы жоқ ғарыш аппараттарын пайдалану. Жарамдылығы»;

ҚР СТ «Ғарыш жүйелері. Ғарыштық қоқыс және метеорлық денелер. Ұшқышсыз ғарыш аппараттарының өміршеңдігін бағалау»;

ҚР СТ «Ғарыш жүйелері. Орбитадағы қызмет мерзімін бағалау»;

ҚР СТ «Географиялық ақпарат. Графикалық көрініс»;

ҚР СТ «Географиялық ақпарат. Сервистер»;

ҚР СТ «Географиялық ақпарат. Терминдер мен анықтамалар»;

ҚР СТ «Географиялық ақпарат. Сәйкестік және сынау»;

ҚР СТ «Географиялық ақпарат. Позициялау бойынша сервистер»;

ҚР СТ «Географиялық ақпарат. Сызықтық жалғам»;

ҚР СТ «Географиялық ақпарат. Кодтау»;

ҚР СТ «Бейстационар тарту үшін қарастырылған термоэластопластан жасалған оқшаулауы мен қабықшасы бар қуатты кәбілдер. Техникалық шарттар»;

ҚР СТ «380/660 В дейінгі атаулы кернеуге арналған поливинилхлоридті пластикаттан жасалған сырты мен оқшаулағышы бар иілгіш сымдар. Техникалық шарттар»;

ҚР СТ «Велосипедтер. Қауіпсіздік талаптары. 1-бөлім. Терминдер мен анықтамалар»;

ҚР СТ «Велосипедтер. Қауіпсіздік талаптары. 2-бөлім. Қалалық және жол, жасөспірім, тау және жарыс велосипедтеріне қойылатын талаптар»;

ҚР СТ «Тоң май және жануарлар мен өсімдік майы. Тоң май қышқылы метил эфирінің газды хроматографиясы. 1-бөлім. Тоң май қышқылы метил эфирінің газды хроматографиясы бойынша басшылық нұсқаулар»;

ҚР СТ «Сүт және сүт өнімдері. Азот мөлшерін айқындау. 4-бөлім. Ақуызды және ақуызды емес азоттың құрамын айқындау және ақуыздың шынайы құрамын есептеу (бақылау әдісі)»;

ҚР СТ «Туристік көліктің кемпингтері мен тұрақтары. Электр жабдығына және электрмен жабдықтауға қойылатын талаптар»;

ҚР СТ «Жобалау кезіндегі өрт қауіпсіздігі. Есептеу әдістерін бағалау, верификациялау және валидациялау процедуралары мен талаптары. 1-бөлім. Жалпы ережелер»;

ҚР СТ «Жобалау кезіндегі өрт қауіпсіздігі. Есептеу әдістерін бағалау, верификациялау және валидациялау. 2-бөлім. Өрттің аймақтық үлгісінің мысалы»;

ҚР СТ «Жобалау кезіндегі өрт қауіпсіздігі. Есептеу әдістерін бағалау, верификациялау және валидациялау. 3-бөлім. Өрт кезінде газ тәріздес ортаны үлгілеу мысалы»;

ҚР СТ «Өрт қауіпсіздігін жобалау. Есептеу әдістерін бағалау, верификациялау және валидациялау. 4-бөлім. Конструкция моделінің үлгісі»;

ҚР СТ ISO 16730-5 «Өрт қауіпсіздігін жобалау. Есептеу әдістерін бағалау, верификациялау және валидациялау. 5-бөлім. Эвакуациялық модельдің мысалы» 2020 жылғы 1 шілдеден бастап бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

2. МАС біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің «Қарастыру» сатысына мынадай мемлекеттік стандарттар жобаларының алғашқы редакциялары орналдастырылсын:

ГОСТ «Өнеркәсіптік өңдеу үшін шикі бие сүті. Техникалық шарттар».

3. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы Сауда
және интеграция министрлігі
Техникалық реттеу және
метрология комитетінің Төрағасы**

А. Шаккалиев